**№29 «Ай - Көрім» бала бақшасы МККК**

**4-5 жас «Аққулар» ересек тобының**

**Ата - аналар жиналысының №1 хаттамасы**

2022-2023 оқу жылы 18 Қазан айы

Қатысқан ата- аналар: 7

Қатыспағаны : 18

**«Күн тәртібінде»**

1. Ата – аналарды күн тәртібімен таныстыру, «Шаттық шеңбері» жасау.
2. Ата – аналардың басты міндеттерімен таныстыру және ата- аналар комитетін сайлау.
3. «Отбасы – тәрбиенің ұясы» баяндама оқу.
4. Отбасы бақыты» тренинг. Психолог: Рустемова Ж.
5. Әр түрлі мәселелер.

**Тыңдалды.**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші: С.А.Итипкова

Ата – аналарды күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша тәрбиеші: Ж.Е.Оразбаева «Отбасы – тәрбиенің ұясы» баяндамасын оқыды.

Үшінші мәселе бойынша Психолог Ж.Л.Рустемова «Отбасы бақытты» тақырыбында тренинг өткізді.

Ата-аналар мүшелері бір ауыздан сайланды.

Бесінші мәселе бойынша.

Төлем ақы жөнінде.

Балалардың бала бақшадан себепсіз қалмауын өтіну.

Тәртібі

Ертеңгіліктерге белсенді қатысуы жөнінде мәселелер қозғалды.

Балалардың ау-райына байланысты киіндіруді айту.

**6. Қорытынды бөлім:**

Құрметті ата - аналар ұлтымыздың қанындағы ізеттілік - дөрекілікке, қайырымдылық - қатыгездікке, жомарттық - тоғышарлыққа, адалдық - арамдыққа, парасаттылық - парықсыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр.

Өмірдің өтпелі қиын кезеңінде ұл - қыздарымыздың саналы тәрбие мен нақты білім алуларына күш салайық. Балаға жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет етуіміз қажет деп бүгінгі жиналысымызды аяқтағалы отырмыз.

Қаулы;

1.Ата-аналармен тәрбиешілер өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.

2.Баяндама оқылды.

3.Бала тәрбиесі мен денсаулығына тәрбиеші мен ата-ана бірдей жауапкершілікпен қарасын.

Төрайымы: Керимбекова Н.Е

Көмекшілері: Батырбекова А

Тасболатова И

Хатшы: Оразбаева Ж.Е

19.01.2023жыл

**Тақырыбы: Отбасы - тәрбиенің ұясы**

**Мақсаты:** Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің әрқайсысы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым- қатынасты қалыптастыру.

**Түрі:** топтастыру

**Көрнекілігі:** карточка, ноутбук, нақыл сөздер, үйдің қаңқасы бар қағаз, қалам.

**Жоспар**

1. Сәлемдесу
2. «Сиқырлы қоржын» ойлауға арналған сұрақтар
3. «Балаларға деген сүйіспеншілік легені» ойыны
4. Диалогтикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»
5. Қорытынды

Тренинг ережесі: Сенімділік, Сыйластық, Жақсы араласу

Барысы. Ата – аналар шеңбер жасап тұрады.

**I. Сәлемдесу** Бір күнгі тыныштық қарсы күн сәлем дегендей біз бүгін бір – бірімізбен дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз.

1 нұсқа. Алақанымыздың іші және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қараймыз

2 нұсқа. Бір – бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз

3 нұсқа. Оң және сол жақ иықтарымызды тигізіп сәлемдесу. Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Өміріңіздегі ең маңызды тірегіңіз кім? (бала , жанұя, отағасы, т.б.)

**II. «Сиқырлы қоржын»** Ойлауға арналған сұрақтар. Әр адам қоржыннан дайындалған сөйлемді бір үлестірмелер алады да өз сөздерімен сөйлемді аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқынышым бұл – ...
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін ...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен қуаныштымын, себебі ...
5. Баланы үнемі қолдап отырса...
6. Мен үшін бақыт деген...
7. Отбасының қорғаны кім?

8. Балаңыз сізге қасқыр мен түлкі туралы ертегі айтып беруін өтінді, сіздің әрекетіңіз 9. Мақалды жалғастыр: Бала жас шыбық... (қалай иссең, солай өседі)

10. Ана бауырындағы бұлақ... (бала жағасындағы құрақ)

11. Балаңыздың қандай да бір іске өнерге, қызығушылығы байқалса не істер едіңіз? 12. Сіздің балаңыз сізге түн неге қараңғы? Күз қайда кетті ?" деген сұрақтар қойса, қалай жауап берер едіңіз

13. Балаңызды еркелеткенде қандай сөздер айтасыз?

14. Балаңыз сізді ренжітті, сіздің іс - әрекетіңіз.

**III. «Балаларға деген сүйіспеншілік легені» ойыны өткізіледі.**

Баланың жан дүниесі – бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз оның бойынан қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт. Осы сезімдеріңіз арқасы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

**IV. Диалогтикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»**

Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткіземін. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.

Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үйді жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Оған дүкендегі жатқан тақтайлар емес, ал адамның ізгі қасиеттерімен салынады. Олар: Мейірімділік, жылу, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу.

**Баяндама.**

Ата- ананың басты қуанышы- бала.

Ата- ананың басты- қазығы, алтын тірек діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян.Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде бала бақшада жүрген баланың жан- жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана. Сондықтан ата - ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала

теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс - керіс ұйымдастырмаңыз.
2. Егер балаңыз бақшадан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
3. Баланы (әсіресе таңертең) ашқұрсақ жіберіңіздер;
4. «Бұзық болма!», «Қисалаңдамай тыныш жүр!», «Бүгін балам ақылды бол!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы болып жүріп келуіне тілектестік білдіріңіз;
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін кім ұрысты?»Сені бүгін кім ұрды? деп бәс салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Бала бақшадан келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның ой менің қызым немесе ұлым көңілді келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тыңдауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі - ақ айтады;
7. Баланың бір қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;
8. Балабақшадан келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындаттпаңыз. Олар да 2 - 3 сағат ойнап, демалғаны жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі – бала жаныңызда жүріп ашылаттын сәтті кезі.
9. Бір мезгілдіс барлық жазуы немесе сурет салу жасауы дұрыс емес;
10. Бала бақшаға киетін киімдерін өзі таңдаса, баланың ұқыпты өзіне стиль жасауына мұрша беріңіз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
11.«Егер, сен, бала бақшаға бармасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап қандай керемет бақшада деп,қызықтырыңыздар.
12. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін - еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
13. Балаңыздың көңіл - күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз.
14. Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда

тәуліктің бір бөлігінде , яғни 7 сағат бақшада болса, қалған уақытта отбасында тәрбие алады.
Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өміріндегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, балабақшада, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие балабақша мен мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана, балабақша ,мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың балабақша барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.
Бізде көптеген ата - аналар баланың кемшілігін балабақшадағы ұстаздардан көреді. Отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата - ананың балабақша, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге, бақшаға құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады. Бала бақша, ұстаз туралы басқаша пікірде көңілі толмаған ойлардың жетегінде баласының алдында ғайбаттау сөздер сөйленетін болса, ол баланың балабақшаға, мұғалімге көзқарасы өзгереді. Бақшаға келуімен- достарына деген әсер етеді. Немқұрайлы қарап, сүйіспеншілігі нашарлайды. Ата - ана өз баласының шитасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Балабақшадан келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Жоғарғыда айтылғандай бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 7 сағаты балабақшада, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың бақшаға саналы қарап көңілді келуі мен ақылды болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма? Бір бөлшегі бұрыс жасалған ұшақты ұшырғаннан не пайда? Ол өзінде, өзгені де мерт етпей ме?

Сонымен әрбір ата - ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі - өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата - ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата - ананың қолында.

**2. «Балаңызға деген сүйіспеншілік деген» ойыны өткізіледі.**

Баланың жан дүниесі – Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек.

**Қорыта айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт.** Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығын, жолын ашады.

Халқымыз «Ұяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды.

Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті.Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет! 7. Мұғалімнің сөзі: Барлық өнеге жанұядан тарайды. Халық жанұядағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Оны «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», **«Балақан өсіру - баланың ұшыру емес»** деген мақал - мәтелдерден көруіңізге болады.



